



Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының қызметін тұрақтандыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 9 сәуірдегі N 311

Азаматтық авиацияның қызметін тұрақтандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының қызметін тұрақтандыру жөніндегі 2000 жылға дейінгі бірінші кезекті шаралардың бағдарламасы;

Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының қызметін тұрақтандыру жөніндегі 2000 жылға дейінгі бірінші кезекті шаралардың бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралардың жоспары бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 9 сәуірдегі
N 311 Қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының
қызметін тұрақтандыру жөніндегі 2000 жылға
дейінгі бірінші кезекті шаралардың
БАҒДАРЛАМАСЫ

Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының қызметін тұрақтандыру жөніндегі 2000 жылға дейінгі бірінші кезекті шаралардың әзірленген бағдарламасы Қазақстан халқының жоғары өмір сүру деңгейін қамтамасыз ететін дамыған нарықтық экономикасы бар мемлекет құруға

арналған жалпы мемлекеттік стратегияларға бағындырылған.

Азаматтық авиация қызметінің негізгі басымдықтары:

- стратегиялық маңызды әуе-жайларды халықаралық стандарттардың деңгейіне дейін жеткізу;
- әуе қозғалысын басқарудың сапасын жақсарту арқылы әуе кеңістігін тиімді пайдалану;
- өкілетті авиациялық әкімшілік құру;
- авиациялық әкімшілік менеджментінің деңгейін арттыру;
- жоғары білікті кадрларды жұмыспен қамту;
- қызмет көрсету саласын диверсификациялау және дамыту;
- авиатасымалдары рыногын дамыту үшін жеткілікті заңдар базасын жасау.

Азаматтық авиацияның қызметін тұрақтандыру жөніндегі негізгі міндеттер:

1. Қазақстан Республикасының әуе кемелерін пайдаланушылардың қызметі саласында

1.1. Як-40, Л-410, АН-24 үлгісіндегі ұшақтарды пайдаланатын авиакәсіпорындардың базасында құрылған және өзінің құрамында ұшулардың қарқыны шағын әуежайлары бар (негізінен шығынды) аймақтық авиакомпаниялардың қызметін тұрақтандыру үшін :

облыстық авиакәсіпорындардың базасында авиатасымалдары аймақтық рыноктың қажетін қамтамасыз ететін әуе кемелерінің белгілі бір үлгілерін пайдалануға мамандандырылған ірілендірілген аймақтық авиакомпаниялар құру;

акциялардың мемлекеттік пакеті бар авиакәсіпорындардың базасында холдингтік компаниялар құру және бұл холдинг акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және басқару жөніндегі құқықтарды ӘКП және ААҚ жөніндегі комитетке беру жоспарлана ;

республика ішіндегі авиатасымалдары рыногын дамыту;

1.2. Қазақстандық авиакомпаниялардың бәсекелестік қабілетін жақсарту мақсатында лизингтің және сатып алудың есебінен қазіргі заманғы үнемді авиациялық техникаларды тарту жолымен әуе кемелері паркін жаңарту және салық заңдарына қажетті өзгерістер енгізу қажет.

Авиакомпаниялар 1998-2000 жылдардағы кезеңде неғұрлым үнемді, жайлы және қазіргі заманғы үлгілерді таңдау шарттарына сүйене отырып жаңа авиатехниканы

лизингке алуды жоспарлауда.

1.3. Авиатасымалдары рыногын игеру үшін қолайлы және қауіпсіз ұшуларды ұйымдастыру, қызмет көрсету мен сервисті халықаралық стандарттарға дейін қамтамасыз етудің деңгейін арттыру.

1.4. Халықаралық әуе тасымалдары рыногында шетелдік авиакомпанияларға бәсекелестік жасау мақсатында әуе тасымалдарын брондау мен сатудың қазіргі заманғы дүниежүзілік компьютерлік желілеріне (BSP клирингтік палаталар үлгісіндегі) кіру талап етіледі.

1.5. Қазақстан Республикасының халықаралық әуе тасымалдары рыногындағы беделі мен жақсы атын көтеру үшін Ұлттық авиатасымалдаушыны жан-жақты дамыту және оған қолдау көрсету қажет.

1.6. Азаматтық авиациядағы ұзаққа созылған дағдарыстан пайда болған саладағы әлеуметтік шиеленісушілікті шешу үшін белгіленген тәртіппен "Қазақстан әуе жолы" ҰААҚ құрамына кіретін шығынды авиакәсіпорындарды тарату процесін жүргізу, несиелік берешектерді төлеуді аяқтау талап етіледі.

1.7. Жұмысты ортақ үйлестіру, авиакомпанияларды сала субъектілерінің деңгейінде дамытудың қажеттілігі мен жолдарын айқындау мақсатында Қазақстан Республикасының авиатасымалшылары ассоциациясы жұмысының тиімділігін арттыру қажет.

1.8. Әуе кемелері паркінің техникалық дұрыстығын қамтамасыз ету үшін авиажөндеу заводтарының базасында және авиациялық-техникалық базаларда авиациялық техникаларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүйесін қалыптастыру талап етіледі. Аталған жүйені мынадай тұрғыда құруға болады:

1) Қазақстан Республикасы авиажөндеу заводтарының (АЖЗ) базасында шарттық талаптарда авиакомпаниялар авиациялық-техникалық базаларының (АТБ) өндірістік қуаттары мен авиациялық қызметкерлерін тарту арқылы мамандандырылған (әуе кемелерінің белгілі бір үлгілеріне қызмет көрсету жөніндегі) Техникалық қызмет көрсету және жөндеу орталықтарын (ТҚЖО) құру;

2) Мемлекетаралық авиациялық комитет пен Ресейдің, Украинаның, Беларусьтың бас авиажөндеу заводтары мамандарының қатысуымен аталған Орталықтарды сертификаттауды қамтамасыз ету.

2. Республика әуежайларының жұмыс істеуі саласында

Әуежайлардың қызметін тұрақтандыру мақсатында мынадай шараларды іске асыру қажет:

2.1. Әуежайлардың өндірістік емес шығыстарын азайту үшін және олардың өндірісінің рентабельділігінің нәтижесі ретінде әуежайлар жұмысының экономикалық жағынан тиімді регламентін кезең-кезеңмен енгізуді жүзеге асыру;

2.1.1. Авиарейстердің келуі және кетуі уақыттарын неғұрлым жақындастыру мақсатында әуежайларда ұшулардың оңтайлы кестесін қалыптастыру;

2.1.2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитеті аймақтардың жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп, бейіндік емес жұмыстар мен қызмет көрсетулерді (ақылы автотұрақтар, буфеттер, киоскілер және т.б. ұйымдастыру) орындауды ұйымдастырудың бағдарламалары мен шарттарын әзірлеу.

2.2. Жергілікті инвесторлардың инвестицияларын тарту жөнінде қолайлы жағдайлар туғызу, олардың жекешелендіруге қатысуы және әуежайлар мен олардың инфрақұрылымдарының қызметін дамыту үшін қаржылық қолдау көрсетуді қамтамасыз ету үшін әуежайлардың базасында құрылған акционерлік қоғамдар акциялары мемлекеттік пакеттерінің бір бөлігін жергілікті атқарушы органдардың қарауына беру мәселелерін пысықтау және іске асыру.

2.3. Әлеуметтік-маңызды, бірақ шығынды әуежайлар арқылы ұшулардың жиілігін арттыруға қосымша мүмкіндіктер жасау және олардың қосымша кірістер алуы мақсатында мұндай әуежайларға қолдау көрсету жөніндегі мәселелердің тізбесіне арнаулы зерттеу мен іріктеу жүргізу. Қазақстан Республикасының әуе желілерін пайдалану құқығына арналған тендерлер өткізу кезінде авиажелілердің тендерге қойылған пакеттеріне көрсетілген әуежайларға қонатын авиажелілерді кіргізу.

2.4. Әуежайлар қызметінің үйлестірілген саясатын жүргізу, әуежайлардың басшылығына өндіріс пен қазіргі заманғы технологияларды ұйымдастырудың озық әдістерін енгізу, олардың қызметін үйлестіру жөнінде практикалық және әдістемелік көмектер көрсету үшін Әуежайлар ассоциациясының жұмысын жандандыру.

2.5. Әуежайлардың жағдайын жақсарту және аймақтардың экономикалық дамуы ісіндегі ролін арттыру үшін облыстық әуежайларды толық жарақтандырудың және оларға халықаралық ұшуларға қызмет көрсетуге рұқсат етудің белсенді шараларын қ а б ы л д а у .

2.6. Республика арқылы көлік ағынын арттыру мақсатында әуежайларды қайта жаңартуды, әуежайларда транзиттік аймақтар құруды жүзеге асыру және трансферттер ұ й ы м д а с т ы р у .

2.7. Әуежайлардың табиғи монополияшылар ретінде қызмет көрсетулеріне арналған бағалардың тәртібіне бақылау жасау мақсатында алдағы уақытта әуежайлардың тарифтік саясатын реттеу қажет.

3. Әуе қозғалысын ұйымдастыру және оны басқару саласында

Қазіргі уақытта Қазақстанның әуе кеңістігін пайдалануға зор сұраныс бар, сондықтан аумақ арқылы өтетін әуе трассалары әуе қозғалысын басқарудың, навигацияның және байланыстың қазіргі заманғы техникалық жүйелерімен және

құралдарымен жабдықталуына қол жеткізу өте маңызды.

3.1. Қазақстанның әуе кеңістігін пайдаланудан лайықты тиімділікті қамтамасыз ету үшін әуе қозғалысын басқару жүйелерін қайта ұйымдастыру мен жаңартуды, әуе трассалары желілерін оңтайландыруды және кеңейтуді жүргізу қажет.

3.1.1. Әуе навигациясының ұшулар мен әуе кеңістігін пайдаланудың тиімділігін арттыру жөніндегі талаптарға жауап беретін қазіргі заманғы инфрақұрылымын құру. Қазақстанның әуе кеңістігін толық қамту және әуе қозғалысын сапалы басқаруды қамтамасыз ету үшін Алматы, Ақтөбе және Ақмола қалаларында әуе қозғалыстарын басқарудың 3 аймақтық автоматтандырылған жүйелері орталығын (ӘҚБ АЖ) құру қажет.

3.1.2. Тез арада енгізуді талап ететін негізгі трансазиялық транзиттік арналардың бірі Лондон мен Франкфурт сияқты Еуропада орналасқан нүктелерден басталатын транзиттік трассалар болады. Бұл трассалар қазірде бар Москва (Ресей), Орал және Аягөз бағыттары бойынша және одан әрі Үрімшіге (Қытай) өтетін болады.

Қытай арқылы Оңтүстік-Шығыс Азия пункттеріне бағыттар ашу Халықаралық Әуе Көлігі Ассоциациясының (ИАТА) деректері бойынша тиісінше Қазақстан Республикасы арқылы әуе қозғалысын айтарлықтай арттыруға қол жеткізетін Қазақстанның аумағынан тысқары өтетін бағыттардағы әуе қозғалысы ағынының қайта бағытталуына әкеледі. Осыған қол жеткізу мақсатында мемлекеттің шығыс бөлігінде Қытай арқылы Оңтүстік-Шығыс Азия бағыттарына жаңа халықаралық трассалар енгізумен байланысты мәселелерді шешу жұмыстарын белсенді жүргізу қажет.

3.2. Ұшулардың қауіпсіздігін, әуе тасымалдарының тиімділігі мен өткізу қабілеттілігін арттыру мақсатында әуе қозғалысына қызмет көрсетудің қолда бар жүйелерін жаңартуды жүзеге асыру керек.

3.3. Қазақстанда аэронавигация мамандарын даярлауға арналған арнаулы оқу орындарының жоқтығына байланысты оқу-жаттығу аэронавигациялық орталығын құру мәселесін пысықтау қажет.

3.4. Қазақстандық аэронавигацияның ғылыми-техникалық дамытудың қазіргі заманғы талаптарына сәйкес деңгейіне жету үшін спутниктік навигация (GNSS), авиациялық телекоммуникациялық желі (ATN) сияқты жаңа технологиялар мен жүйелерді енгізу керек.

3.5. Саланы кешенді дамыту үшін "Қазаэронавигация" РМК тарифтерін мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру және тұрақты негізде ұшуларды орындайтын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетулер үшін жеңілдіктер ұсыну қажет.

4. Қазақстан Республикасының авиациялық әкімшілігін құру және оның жұмыс істеуі саласында

Қазақстанның азаматтық авиациясының қызметін тұрақтандыруға авиациялық

рынокты қалыптастыру және ондағы азаматтық авиация субъектілерінің қызметін мемлекеттік реттеу жүйесін құру жолымен қол жеткізілетін болады.

Мемлекеттік реттеу процесінің өзі үш негізгі компонентті: нормативтік-құқықтық (әуе көлігі саласында тәртіптер, тәлімдемелер, басшылықтар, ережелер әзірлеу), куәліктер (сертификаттар), лицензиялар және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де рұқсаттар беру жолымен авиациялық қызметті техникалық және экономикалық реттеуді қамтитын болады.

Көлік және коммуникациялар министрлігі Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитетінің (бұдан әрі - Комитет) азаматтық авиацияның қызметін мемлекеттік реттеу органы ретіндегі негізгі жұмысы мына бағыттарға шоғырланатын болады:

4.1. Авиакәсіпорындардың қызметін реттеу құралы ретіндегі азаматтық авиацияның қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны қалыптастыру және жетілдіру.

Әуе көлігінің қалыпты жұмыс істеуі үшін шамамен 300 нормативтік құжаты (авиация қызметінің барлық бағыттары мен бөлімдері бойынша ережелерді, тәлімдемелерді, басшылықтарды, бюллетендерді және регламенттерді) пысықтау және енгізу қажет.

Қойылған міндеттерді шешу үшін авиакәсіпорындардың мамандарын тарту арқылы азаматтық авиация қызметтерінің бағыттары бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуді (қайта әзірлеуді) қамтамасыз ететін мамандандырылған топтар құру керек.

Таяу уақытта мынадай нормативтік құқықтық актілерді:

- Әуе кеңістігін пайдалану туралы ережені (тиісті қосымшаларымен бірге) пайдалану жөніндегі нұсқаулықты;

- Әуе кемелері ұшуының негізгі тәртібін;

- Азаматтық авиация ұшуларын жүзеге асыру жөніндегі тәлімдемені;

- Азаматтық авиацияның әуе қозғалыстарына қызмет көрсетуі жөніндегі тәлімдемені;

- Азаматтық авиация ұшуларын штурмандық қамтамасыз ету жөніндегі тәлімдемені;

- Азаматтық авиациядағы аэродромдық қызмет жөніндегі тәлімдемені;

- Авиамамандарды кәсіби даярлау туралы ережені;

- Жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдаудың тәртібін, сондай-ақ басқа да бірқатар құжаттарды жедел әзірлеу және белгіленген тәртіппен бекіту қажет.

Аталған жұмысты Ресейдің Федералдық авиация қызметімен және ТМД Мемлекетаралық авиациялық комитетімен (МАК) тығыз ынтымақтастықта жүргізу керек.

4.2. Азаматтық авиация саласында авиакәсіпорындар қызметінің қауіпсіздік пен сапаның техникалық талаптарына сәйкестігін растайтын және кепілдендіретін тәсіл ретінде сертификаттауды жүргізу.

4.2.1. Мемавиарегистрдің азаматтық авиацияны сертификаттау саласындағы міндеті - Қазақстан Республикасының әуе көлігінде сертификаттау жүйесін құру және ТМД Мемлекетаралық авиациялық комитетінің қатысуымен жүзеге асырылатын сертификаттауды жүргізуден, оны Мемавиарегистрдің өз күшімен орындауға кезең - кезеңмен көшу болады.

4.2.2. Мемавиарегистрдің міндеті ұшулардың қауіпсіздігі үшін бақылау жасаудың тиімді жүйелерін құру болып табылады. Қауіпсіздік үш негізгі проблемалар: авиациялық уақиғаларды болдырмау жөніндегі тиімді алдын алу шараларын әзірлеу, олардың орындалуын қадағалау, сондай-ақ авиациялық уақиғаларға зерттеулер мен оның себептеріне талдау жүргізу шешілген кезде қамтамасыз етілетін болады. Пайдаланылатын әуе кемелері паркінің техникалық дұрыстығын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік қадағалауды күшейту және соған сәйкес ұшулардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің деңгейін арттыру үшін жағдай жасау маңызды. Әуе кемелерінің техникалық дұрыстығын қамтамасыз етудің жүйесін осы ұйымдастыру, пайдаланушылардың алыс шетелдерде шығарылғандарды қоса алғанда, әуе кемелерінің жаңа үлгілерін сатып алуы мүмкіндіктеріне әмбебап болады. Мұндай жағдайларда авиатехникалар беру туралы үкіметаралық келісімдерді пысықтау кезінде олардың техникалық дұрыстығын қамтамасыз ету мәселесін кіргізу қажет.

4.3. Комитет әуе тасымалдарын орындау және олардың сапасын арттыру кезінде лицензиялық шарттарды қамтамасыз ету мақсатында ұшулардың тұрақтылығы, жолаушылар мен жүк жөнелтушілерге қызмет көрсетулердің сапасы мәселелері бойынша авиатасымалдаушыларға талаптарға пәрменді бақылау жасау жүзеге асырылатын, сондай-ақ бақылау күшейтілетін және чартерлік (жүйелі емес) авиатасымалдарды орындауға арналған тиісті рұқсаттарды беру оңайлатылатын болады.

4.4. Авиациялық рынокты қалыптастыру және реттеу, ішкі және халықаралық авиажөлілерде тұрақты әуе тасымалдарын орындау үшін ашық тендерлер өткізу арқылы онда бәсекелесті орта құру.

Өз кезегінде ұсақ қабілетсіз авиакомпаниялардың болуын шектейтін, олардың бірігуіне және авиациялық бизнестің сапалық жағынан өзгеруіне ықпал ететін авиакомпанияларға ұшуларды қамтамасыз етуге рұқсат ету тәртібі жөніндегі қолданылып жүрген бірқатар ережелерді өзгертуді жүзеге асыру қажет.

Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының заңдарын жетілдіру жолымен тұрақты ұшуларға әуе кемелерінің ұшуын қауіпсіз орындауда қажетті тәжірибесі, қаржылық тұрақтылығы бар төтенше жағдайлардың мүмкін болатын уақиғалары мен тасымалдарды жүзеге асыру процесінде пайда болатын қаржы талаптарын кепілдікті қамтамасыз ете алатын авиакомпанияларға рұқсат етілуі керек.

4.5. Әуе кеңістігін пайдалану құқығы бар ішкі авиациялық рынокты шетелдік

пайдаланушыларға беру кезінде Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету. Халықаралық әуе қатынастарының қарқынды дамуына байланысты Қазақстанның әуе кеңістігін пайдалану құқығын шетелдік пайдаланушыларға беру кезінде авиарынокқа, ондағы ұшулардың басымдығына және оны реттеуге талдау жасауды жүзеге асыру қажет.

4.6. Азаматтық авиация ұшулары қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуіне және авиациялық уақиғаларды болдырмау жөніндегі кешендер шараларының орындалуына мемлекеттік бақылау жасауды жүзеге асыру.

Азаматтық авиация өзінің айрықша ерекшелігіне орай террористік актілер жүргізу үшін тартымды да босаң болып табылады. Қалыптасып отырған жағдайлар және ұшулардың географиясы мен көлемін кеңейтудің перспективасы ескеріле отырып азаматтық авиацияны заңсыз араласу актілерінен қорғауды қамтамасыз ету зор өзекті мәселеге айналып келеді.

Қазақстан азаматтық авиациясының заңсыз араласу актілерінен авиациялық қауіпсіздігі жүйелерін қамтамасыз етуге және жетілдіруге Авиациялық қауіпсіздік бағдарламасының, сондай-ақ Қазақстанның Халықаралық азаматтық авиация ұйымы халықаралық конвенциясы бойынша өзінің міндеттемелерін орындауы шеңберінде іс-қимылдың тәртібін орнықтыратын және белгілейтін нормалар мен рәсімдерді енгізумен қол жеткізілетін болады.

4.7. Халықаралық ұшуларды орындау үшін Халықаралық азаматтық авиация ұйымында (ИКАО), ИАТА-да және МАК-де жұмыстарды жалғастыру. Кувейтпен, Бахрейнмен, Оман Сұлтандығымен, АҚШ-пен, Армениямен, Голландиямен, Біріккен Араб Әмірлігімен, Болгариямен, Катармен, Франциямен, Румыниямен, Чехиямен, Оңтүстік Кореямен, Солтүстік Кореямен, Египетпен, Кипрмен және Грециямен әуе қатынасы туралы үкіметаралық келісімдердің жобаларын дайындау.

4.8. Интеграциялау үшін азаматтық авиацияның халықаралық жүйесіне Қазақстанның азаматтық авиациясының қызметі туралы статистикалық деректерді ИКАО-ға ұсыну және оларды ол шығаратын статистикалық жинақтарда жариялау.

4.9. Салада азаматтық авиация кәсіпорындарындағы күрделі экономикалық жағдайдан және мүмкін болатын кадрларды қысқартудың нәтижесінен пайда болатын әлеуметтік шиеленістіктің туындауын болдырмау мақсатында азаматтық авиация кәсіпорындарынан босаған кадрларды қайта біліктендіру жөнінде бағдарлама әзірлеу.

4.10. Республиканың халықаралық туристік алмасудағы қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында авиатасымалдары кезінде туристік топтар, студенттер және мектеп оқушылары үшін жеңілдіктер ұсынудың оңтайлы кестесін әзірлеу.

Бағдарламаны іске асырудың шарттары

Бағдарламаны іске асырудың басты шарттары оны мемлекеттік реттеу

жүйесі мен ұйымдастырушылық құрылымын жасау болады.

Аталған шараларды практикалық іске асыру:

а) азаматтық авиация қызметінің нормативтік құқықтық базасын қалыптастыруға және жетілдіруге;

б) азаматтық авиация саласында техникалық және экономикалық реттеуді толық мөлшерде жүзеге асыруға, атап айтқанда:

- әуе кемелерін және әуежайлардың, аэродромдардың объектілерін, авиатехникаларға техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді, сондай-ақ оларды пайдалану қызметін сертификаттауға;

- әуе тасымалдары мен әуежай қызметін лицензиялауға;

в) азаматтық авиация қызметінің статистикалық есебін жүргізуге;

г) әуе тасымалдары рыногының жай-күйін, оның субъектілерінің

қызметін талдауға, авиациялық қызметті реттеудің нарықтық тетіктерін енгізуге және жетілдіруге;

д) ұшулардың қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуіне тиімді қадағалау жасауды жүзеге асыруға және авиациялық уақиғаларды болдырмау жөніндегі алдын алу шараларын әзірлеуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1998 жылғы 9 сәуірдегі

N 311 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының қызметін тұрақтандыру жөніндегі 2000 жылға дейінгі бірінші кезекті шаралардың бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралардың жоспары

N р/с	Шара	Аяқталу нысаны
1	2	3
1	Мемавиарегистр мен Мемавиақадағалаудың қызметін ұйымдастыру	Жүктелген функцияларды орындау
2	Азаматтық авиация қызметінің	Жаңа редакция

- нормативтік құқықтық базасын құру
- 3 Әуе тасымалдары мен әуежайлық қызметті лицензиялау туралы ережеге толықтырулар мен өзгерістер енгізу Үкіметтің қаулысы
 - 4 Әуе кемелерін пайдаланушылар ұшуларының қауіпсіздігіне бақылау жасаудың тәсілдері мен жүйесін әзірлеу ӘКП және ААҚ жөніндегі комитеттің бұйрықтары
 - 5 "АТО-405" және "N 406 Авижөндеу заводы" базасында авиациялық техникаларды жөндеу жөніндегі мамандандырылған орталық құру Жоспарланған жұмыстардың көлемін орындау
 - 6 Авиациялық уақиғалардың алдын алу жөніндегі тиімді шараларды әзірлеу және енгізу ӘКП және ААҚ жөніндегі комитеттің бұйрықтары
 - 7 Авиациялық уақиғаларға тексеру жүргізу жөнінде нормативтік құқықтық актілер әзірлеу Көліккомминінің бұйрықтары
 - 8 Тарату комиссиясын құру және "Қазақстан әуе жолы" құрамына кіретін акционерлік қоғамдарды таратуды аяқтау Қаржымині Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің қаулысы
 - 9 Қазақстан Республикасы азаматтық авиация кәсіпорындарының босатылған кадрларын қайта біліктеу жөніндегі бағдарламаны әзірлеу Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы
 - 10 Әуе тасымалдарының ұлттық рыногын қорғауды көздейтін Чартерлік рейстерді орындаудың тәртібі туралы ережені бекіту Үкіметтің қаулысы
 - 11 Үндістанмен, Тайландпен, Германиямен тұрақты әуе қатынастарын ашу Жоспарланған жұмыстардың көлемін орындау
 - 12 Баку, Екатеринбург, Новосибирск қалаларына тұрақты әуе қатынасын ашу
 - 13 Әуе қатынастары туралы:
 - а) Тәжікстанмен, Армениямен, Голландиямен, Біріккен Араб Әмірлігімен, Болгариямен, Катармен Келісімдер жасасу
 - б) Франциямен, Румыниямен, Чехиямен,

Оңтүстік Кореямен

в) АҚШ-пен, Солтүстік Кореямен,
Египетпен, Кипрмен, Грециямен
үкіметаралық келісімдерді жасасу

14 Қазақстан Республикасының әуежайлары Үкіметтің қаулысы
туралы ережені бекіту

15 Әуежайлардың жұмыс режимін Әуежайлар жұмысының
оңтайландыру регламентін өзгерту

16 ӘҚ тұрмыстық және техника қызмет Лицензиялар беру
көрсетуді монополиясыздандыру,
ЖЖМ-мен, борттық тамақпен қамтамасыз
ету жөнінде шаралар жүргізу

17 Жүктерді сақтау, жөнелту және Жалпы Тұжырымдама
трансферлеу еркін әуежайлық мен Ереженің жобалары
аймақтарын құру жөнінде
ұйымдастыру-әдістемелік құжаттарды
әзірлеу

18 Ақмола, Алматы, Ақтау, Атырау Жоспарланған жұмыстардың
қалаларының әуежайларын қайта көлемін орындау
жаңартуды жүргізу

19 Қазақстан Республикасының Әділет органдарында
Әуежайлар ассоциациясы мен тіркеу
Қазақстандық авиатасымалдаушылар
ассоциациясының қызметін ұйымдастыру

20 Әуе кемелерінің қазіргі заманғы Пайдаланудың басталуы
үлгілерін сатып алу және пайдалануға
қосу

21 Қазіргі заманғы авиатехникаларды Үкіметтің қаулысы
пайдалануға мүдделілікке жағдай
жасау бөлігінде салық заңдарына
өзгерістер мен толықтырулар енгізу
жөнінде ұсыныс әзірлеу

22 Акциялардың мемлекеттік пакеті бар Қаржымині Мемлекеттік
облыстық авиакомпаниялардың мүлік және
базасында бұл холдинг компаниялардың жекешелендіру
акцияларының мемлекеттік пакеттеріне департаментінің қаулысы
иелік ету және басқару жөніндегі
құқықтарды ӘҚП және ААҚ жөніндегі
комитетке беру арқылы

- авиакәсіпорындардың - холдингтік
компаниялардың базасындағы
ірілендірілген аймақтық
авиакомпаниялар құру
- 23 Аймақтық авиакөманиялар Тендерлік комиссияның
акцияларының мемлекеттік пакеттерін шешімі
сату жөнінде тендерлер өткізу
- 24 "Эйр Қазақстан" ұлттық тасымалдаушы Тендерлік комиссияның
акцияларының мемлекеттік пакетінің шешімі
бір бөлігіне (34% дейін)
жекешелендіруді жүргізу
- 25 Авиакомпанияларды авиажелілерге Тендерлік комиссияның
тағайындау жөнінде ашық тендерлер шешімі
өткізу
- 26 Оның пайдаланылмайтын бөлігін ЖАҚ балансынан алу
сату жолымен "Эйр Қазақстан" ЖАҚ
әуе кемелері паркін оңтайландыру
- 27 Қытайға жаңа әуе дәлізін және Навигациялық жинақтар
Қытай арқылы Оңтүстік-Шығыс Азияға мен карталарға кіргізу
әуе трассаларын ашу
- 28 Әуежайлардың аэронавигациялық Жоспарланған жұмыстардың
жабдықтарын жаңартуды жүргізу көлемін орындау
- 29 Ішкі авиажелілерде Жаңа тарифтерді
аэронавигациялық тарифтерді төмендету бекіту
- 30 ҚР АИП аэронавигациялық Жаңа редакциясы
ақпараттарының жинағын дайындау
және шығару

N| Атқару мерзімі | Жауапты атқарушы

4

5

-
- 1 1998 жылдың I тоқсаны Көліккоммині
- 2 1998-2000 жылдары Көліккоммині, Әділетмині
- 3 1998 жылдың I жарты жылдығы Көліккоммині
- 4 1998 жылы Көліккоммині
- 5 1999 жылы -"-
- 6 1998-2000 жылдары -"-

- 7 1999 жылы -"-
- 8 1998-2000 жылдары Қаржыминінің Мемлекеттік мүлік
және жекешелендіру департаменті
- 9 1998 жылы Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау мині, Көліккоммині
- 10 1998 жылдың шілдесі Көліккоммині
- 11 1998 жылдың сәуірі -"-
- 12 1998 жылдың мамыры -"-
- 13 1998 жылы Сыртқыісмині, Көліккоммині
- 14 1998 жылдың II жарты жылдығы Көліккоммині
- 15 1998-1999 жылдары Көліккоммині, Әуежайлардың
ассоциациясы
- 16 1998-2000 жылдары Көліккоммині
- 17 1998-2000 жылдары -"-
- 18 1998-2000 жылдары Облыстар мен қалалардың
әкімдері, Көліккоммині
- 19 1998 жылы Көліккоммині, әуежайлар
авиакомпаниялар
- 20 1998-2000 жылдары Көліккоммині,
авиакомпаниялар
- 21 1998 жылы Көліккоммині, Қаржыминінің
Салық комитеті
- 22 1998 жылы Қаржыминінің Мемлекеттік
мүлік және жекешелендіру
департаменті, Көліккоммині
- 23 1998 жылы Қаржыминінің Мемлекеттік
мүлік және жекешелендіру
департаменті, Көліккоммині
- 24 1999 жылы Қаржыминінің Мемлекеттік
мүлік және жекешелендіру
департаменті, Көліккоммині
- 25 1998-2000 жылдары Көліккоммині
- 26 1998-1999 жылдары "Әйр Қазақстан" ЖАҚ
- 27 -"- Көліккоммині, Сыртқыісмині
- 28 1998 жылы Көліккоммині
- 29 1998 жылдың сәуірі -"-
- 30 1998 жылдың желтоқсаны Көліккоммині
"Қазақэронавигация" РМК

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК